

## Көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Сарыөлең ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 наурызда № 27260 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 11 маусымдағы қорытындысының негізінде, Барақ батыр және Бірлік ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Сарыөлең ауылдық округінің Барақ батыр ауылындағы Степная көшесі Қамза Сұраужанұлы көшесі деп қайта аталсын.
2. Сарыөлең ауылдық округінің Бірлік ауылындағы Маяковская көшесі Абай көшесі деп қайта аталсын.
3. "Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Сарыөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
  - 1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Күршім ауданының Сарыөлең ауылдық округінің әкімі*

*С. Аксартов*